

2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы N 3 Заңы

1-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджет 1-қосымшаға сәйкес мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер - 1 230 826 352 мың теңге, оның ішінде:
 - салықтық түсімдер - 1 090 664 073 мың теңге;
 - салықтық емес түсімдер - 36 624 437 мың теңге;
 - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 8 529 327 мың теңге;
 - ресми трансферттердің түсімдері - 95 008 515 мың теңге;
- 2) шығындар - 1 196 359 917 мың теңге;
- 3) операциялық сальдо - 34 466 435 мың теңге;
- 4) таза бюджеттік кредиттеу - 48 002 548 мың теңге, оның ішінде:
 - бюджеттік кредиттер - 60 459 925 мың теңге;
 - бюджеттік кредиттерді өтеу - 12 457 377 мың теңге;
- 5) қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо - 100 228 111 мың теңге, оның ішінде:
 - қаржы активтерін сатып алу - 102 228 111 мың теңге;
 - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 2 000 000 мың теңге;
- 6) тапшылық - 113 764 224 мың теңге немесе елдің жалпы ішкі өнімінің 1,7 проценті;
- 7) бюджет тапшылығын қаржыландыру - 113 764 224 мың теңге.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте мынадай түсімдер көзделсін:

Ресей Федерациясының "Байқоңыр" кешенін пайдаланғаны үшін 14 950 000 мың теңге сомасында жалдау ақысы;

Ресей Федерациясының әскери полигондарды пайдаланғаны үшін республикалық бюджеттің кірістерінде көрсетілетін 3 575 000 мың теңге сомасында жалдау ақысы, оның ішінде:

416 000 мың теңгесі ақшалай түседі;

3 159 000 мың теңгесі Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының арасындағы сынақ полигондарын жалға беру туралы шарттарда айтылған талаптарға сәйкес жүзеге асырылады және оны 007 "Сынақ полигондарын жалға беру туралы мемлекетаралық шарттарға сәйкес қару-жарақ және әскери техниканы жеткізу және

жөндеу" және 011 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімді мамандар даярлау" республикалық бюджеттік бағдарламалары бойынша шығыстарды көрсете отырып, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі пайдаланады.

Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-бап. Шикізат секторы ұйымдарынан республикалық бюджетке есептелетін түсімдердің 2005 жылға арналған көлемдері 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4-бап. Республикалық меншіктегі және тау-кен өндіру мен өңдеу салаларына жататын мүлікті жекешелендіруден 2005 жылға арналған республикалық бюджетке түсетін түсімдердің көлемі 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5-бап. Тиісті бюджеттің кірісіне:

бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "Роялти" коды бойынша - жер қойнауын пайдаланушылардың Жер қойнауын қорғау және минералдық-шикізат базасын ұдайы молықтыру жөніндегі республикалық қор алдындағы берешегі, сондай-ақ келісімшарттық аумақтарды геологиялық зерттеуден мемлекет шеккен, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың негізінде осы кен орындарын пайдаланатын жер қойнауын пайдаланушылар өтейтін тарихи шығындар сомалары;

бірыңғай бюджеттік сыныптаманың кірістер сыныптамасының "Әлеуметтік салық" коды бойынша - бұрын Зейнетақы қорына, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа, Міндетті медициналық сақтандыру қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына аударылып келген жарналар жөніндегі берешек, сондай-ақ автомобиль жолдарын пайдаланушылардың бұрын Жол қорына түсіп келген аударымдары;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін бензин (авиациялық бензинді қоспағанда) коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген бензиннен алынатын алым бойынша берешек;

"Өндірушілер көтерме саудада сататын, өзі өндіретін дизель отыны" коды бойынша - бұрын Жол қорына түсіп келген дизель отынынан алынатын алым жөніндегі берешек есептелетін болып белгіленсін.

6-бап. Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленіп келген, еңбекке уақытша жарамсыздығы, жүктілігі мен босануы бойынша, бала туған кезде, жерлеуге жұмыс берушілер есептеген жәрдемақы сомаларының көрсетілген қорға аударымдардың есептелген сомаларынан асып түсуі нәтижесінде 1998 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша құралған теріс сальдо ай сайын жалақы қорының 3 проценті шегінде әлеуметтік салық төлеу есебіне есептеледі.

7-бап. Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлардың 2005 жылға арналған көлемдері 95 008 515 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Ақтөбе облысынан - 1 371 334 мың теңге;
Атырау облысынан - 28 989 102 мың теңге;
Маңғыстау облысынан - 15 989 138 мың теңге;
Алматы қаласынан - 45 357 967 мың теңге;

Астана қаласынан - 3 300 974 мың теңге болып белгіленсін.

8-бап. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 7 000 теңге;
- 2) зейнетақының ең төменгі мөлшері - 6 200 теңге;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақыларды, жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін, сондай-ақ айыппұл санкцияларын, салықтар мен басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш 971 теңге мөлшерінде белгіленсін.

2005 жылғы 1 шілдеден бастап:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 9200 теңге;
- 2) базалық зейнетақы төлемінің мөлшері - 3 000 теңге болып белгіленсін.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте бала тууға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жүзеге асырылатын біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар төлеуге 3 622 775 мың теңге сомасында шығыстар көзделсін.

Ескерту. 9-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), сондай-ақ Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-ізвестіру, тергеу және саптық бөлімшелерінің, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының, Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдарының қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтер көрсету шығыстарын төлеу үшін ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3 430 теңге сомасында белгіленсін.

11-бап. Республикалық бюджеттен облыстық бюджеттерге берілетін субвенциялар мөлшерлері 2005 жылға 133 027 541 мың теңге сомасында, оның ішінде:

Ақмола облысына - 13 864 414 мың теңге;
Алматы облысына - 15 418 795 мың теңге;
Шығыс Қазақстан облысына - 15 469 332 мың теңге;
Жамбыл облысына - 15 058 444 мың теңге;
Батыс Қазақстан облысына - 7 664 947 мың теңге;
Қарағанды облысына - 5 026 153 мың теңге;
Қостанай облысына - 9 478 426 мың теңге;

Қызылорда облысына - 11 009 439 мың теңге;
Павлодар облысына - 1 258 887 мың теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына - 11 461 369 мың теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына - 27 317 335 мың теңге болып белгіленсін.

12-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 1995 жылғы 20 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы Сарышаған сынақ полигонын пайдалану мен жалға беру және Приозерск қаласының тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз ету жағдайлары туралы келісімге сәйкес Қарағанды облысы Приозерск қаласының инфрақұрылымын қолдауға 100 000 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

13-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілетін оралмандардың көшіп келуінің 2005 жылға арналған квотасы бойынша келген оралмандардың отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуге 8 044 223 мың теңге сомасында және оралмандардың көшіп келуінің 1993-1998 жылдарға арналған квотасына енгізілген және тұрғын үймен қамтамасыз етілмеген оралмандардың отбасыларына 841 090 мың теңге қаражат көзделсін.

Көрсетілген оралмандардың отбасыларына Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен отбасының бір мүшесіне жүз еселенген айлық есептік көрсеткіш есебінен қаражат бөлінеді деп белгіленсін.

14-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мынадай мөлшерлерде:
мемлекеттік білім беру ұйымдарының үлгі штаттарын ұстауды қамтамасыз етуге - 2 9 4 7 2 7 7 мың теңге;

жаңадан іске қосылатын білім беру объектілерін ұстауға - 2 251 428 мың теңге;
арнаулы (түзету) білім беру ұйымдарын арнайы техникалық және орнын толтырушы құралдармен қамтамасыз етуге - 202 894 мың теңге;
жаңадан іске қосылатын денсаулық сақтау объектілерін ұстауға - 107 052 мың теңге ;

дәрілік заттарды, вакциналарды және басқа иммунды биологиялық препараттарды сатып алуға - 4 163 745 мың теңге;
жергілікті деңгейдегі қан орталықтарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 2 0 0 0 0 0 0 мың теңге ;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларына біржолғы материалдық көмек көрсету үшін - 1 109 618 мың теңге;

Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушыларының ТМД елдері бойынша жылына бір рет темір жол көлігімен жол жүруін қамтамасыз етуге - 116 602 мың теңге;
ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастарда әлеуметтік маңызы бар темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға - 1 107 800 мың теңге;
мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың бірінші және екінші

разрядтағы жұмысшыларының лауазымдық айлықақыларын (ставкаларын) есептеу үшін коэффициенттердің мөлшерлерін ұлғайтуға - 365 712 мың теңге;
жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитын студенттерге стипендиялардың мөлшерін ұлғайтуға - 855 943 мың теңге;

жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік тапсырысы негізінде кәсіптік орта оқу орындарында оқитындар үшін жол жүруге өтемақыларды төлеуге - 271 258 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген сомаларды облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бөлу және оларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

14-1-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік қызметшілердің, мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлерінің және қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көбейтуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 31 018 414 мың теңге, оның ішінде:

Ақмола облысына	-	1	945	051	мың	теңге;
Ақтөбе облысына	-	1	631	913	мың	теңге;
Алматы облысына	-	2	466	724	мың	теңге;
Атырау облысына	-	1	132	107	мың	теңге;
Шығыс Қазақстан облысына	-	2	781	927	мың	теңге;
Жамбыл облысына	-	1	959	513	мың	теңге;
Батыс Қазақстан облысына	-	1	597	968	мың	теңге;
Қарағанды облысына	-	2	814	429	мың	теңге;
Қостанай облысына	-	1	815	852	мың	теңге;
Қызылорда облысына	-	1	898	873	мың	теңге;
Маңғыстау облысына	-		846	659	мың	теңге;
Павлодар облысына	-	1	717	511	мың	теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына	-	1	667	031	мың	теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына	-	4	127	241	мың	теңге;
Алматы қаласына	-	1	784	479	мың	теңге;

Астана қаласына - 831 136 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер көзделсін.

Ескерту. 14-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік

бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 4 104 697 мың теңге сомасында, оның ішінде:

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерді Интернетке қосуға және олардың трафигін төлеуге - 500 000 мың теңге;

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелердің кітапхана қорларын жаңарту үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін сатып алуға және жеткізуге - 789 300 мың теңге ;

жалпы орта білім беретін мемлекеттік мекемелерде лингафондық және мультимедиялық кабинеттер жасауға - 2 023 300 мың теңге;

кәсіптік бастауыш білім беретін мемлекеттік мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға - 286 100 мың теңге;

облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарында педагог қызметкерлерді қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға - 430 997 мың теңге ;

облыстық (қалалық) педагог кадрлардың біліктілігін арттыру институттарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 75 000 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлуді және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 15-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

16-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 7 593 325 мың теңге, оның ішінде:

мемлекеттік тапсырыс шеңберінде кәсіптік орта білім беру бойынша оқыту құнын ұлғайту жөніндегі шығыстарды өтеуге - 95 631 мың теңге;

медициналық кадрлардың, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы менеджерлердің біліктілігін арттыруға және оларды қайта даярлауға - 149 771 мың теңге ;

5 жасқа дейінгі балаларды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге - 532 285 мың теңге;

жүкті әйелдерді құрамында темір және йоды бар препараттармен қамтамасыз етуге - 7 36 7 94 мың теңге ;

азаматтардың жекелеген санаттарын медициналық алдын-алу тексерулерін жүзеге асыруға - 8 47 8 44 мың теңге ;

жергілікті деңгейдегі медициналық денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға - 5 231 000 мың теңге сомасында ағымдағы

нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін.

Көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлуді және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

17-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттері болып табылатын, әлеуметтік жағынан қорғалатын азаматтардың телефон үшін абоненттік төлем тарифінің көтерілуін өтеуге облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 70 963 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер ескерілсін.

Облыстар, Астана және Алматы қалалары бөлінісінде телефон үшін абоненттік төлем тарифтерінің көтерілуін өтеуге сомалардың бөлінуін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 17-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте электр энергиясы тапшылығын жабу және Оңтүстік Қазақстанның тұтынушыларын энергиямен тұрақты жабдықтауды қамтамасыз ету мақсатында энергия беретін ұйымдар өндірген электр энергиясы үшін тарифтердің көтерілуін өтеу шығыстары 1 075 175 мың теңге сомасында ескерілсін, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

19-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Шағын қалаларды дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыруға 300 000 мың теңге, оның ішінде:

облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалаларды дамытуға нысаналы даму трансферттері - 278 500 мың теңге;

облыстық бюджеттерге экономикасы күйзеліске ұшыраған шағын қалалардың тіршілік ету объектілерін күрделі жөндеуге ағымдағы нысаналы трансферттер - 21 500 мың теңге көзделсін.

20-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға және нығайтуға 16 300 000 мың теңге, оның ішінде:

ауылдық (селолық) жердің денсаулық сақтау ісінде ұтқыр және телемедицинаны дамытуға - 400 000 мың теңге;

нысаналы даму трансферттері:

ауылдық (селолық) елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерін салуға және қайта жаңартуға - 4 300 000 мың теңге;

ауылдық (селолық) жерлерде білім беру объектілерін салуға және қайта жаңартуға -

6 0 0 0 0 0 0 м ы ң т е ң г е ;

ауылдық (селолық) жерлерде денсаулық сақтау объектілерін салуға және қайта жаңартуға - 5 600 000 мың теңге сомасында шығындар көзделсін.

Көрсетілген нысаналы даму трансферттері қаражаты есебінен 2005 жылы салуға және қайта жаңартуға жататын ауылдық (селолық) жердің білім беру, денсаулық сақтау және ауыз сумен қамтамасыз ету объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

21-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте қалаларда білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерін салуға облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 5 000 000 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделсін.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2005 жылы салуға және қайта жаңартуға жататын қалалардағы және облыс орталықтарындағы білім беру мен денсаулық сақтаудың аса маңызды объектілерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

22-бап. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығын дамытуды мемлекеттік қолдауға арналған шығыстарының құрамында 8 101 211 мың теңге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерімен айқындалатын тәртіппен мыналарға байланысты іс-шараларды қаржыландыруға:

тұқым шаруашылығын дамытуды қолдауға - 921 470 мың теңге;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды қолдауға - 1 524 451 мың теңге;

өндірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығы мен сапасын арттыруды қолдауға - 1 200 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу жөнінде көрсетілетін қызметтер құнын субсидиялауға - 1 131 899 мың теңге;

өсімдік шаруашылығындағы сақтандыруды қолдауға - 2 000 000 мың теңге;

екінші деңгейдегі банктер ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға олардың айналым қаражатын толықтыруға беретін кредиттер бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын субсидиялауға - 1 000 000 мың теңге;

ауыл шаруашылығы жануарларының саны аз және жойылып бара жатқан тұқымдарының, түрлері мен топтарының тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге - 6 6 0 0 0 мың теңге ;

ауыл шаруашылығы техникасының қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге - 237 292 мың теңге;

ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорындарға арналған жабдықтардың қаржы лизингі бойынша сыйақы (мүдде) ставкасын өтеуге - 20 099 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына берілетін ресми трансферттер 13 657 725 мың теңге сомасында көзделсін.

Ескерту. 23-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылға арналған резерві 16 358 913 мың теңге сомасында бекітілсін. <*>

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

25-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте бұрынғы жылдардың міндеттемелерін орындауға 1 240 605 мың теңге, оның ішінде:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жүргізуші куәліктерін, көлік құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды және тіркеу нөмірі белгілерін жасауға - 597 986 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының меншігіне шетелден жылжымайтын мүлікті сатып алуға - 201 894 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктерін жасауға - 233 500 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар төлеуге - 200 000 мың теңге;

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігіне 2002 жылы жұмылдыру тапсырмалары болған және жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарының сақталуын жүзеге асырған ұйымдарға қызметтеріне ақы төлеуге - 7 225 мың теңге көзделсін.

26-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысына арнап облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 6 300 000 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттері көзделгені ескерілсін.

Аталған трансферттерді бөлуді және оларды пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

27-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен тұрғын үй саясатын іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысына сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне кредит беруге 42 000 000 мың теңге көзделсін.

28-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте тұрғын үй құрылыс жинағына салымдар бойынша сыйлықақылар төлеуге 25 287 мың теңге сомасында қаражат көзделсін.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Тұрғынүйқұрылысбанк" жабық акционерлік қоғамы арқылы алынған жеңілдікті тұрғын үй кредиттері қарыз алушыларының 2004 жылғы төлемдері бойынша бағамдық айырманы төлеуге 50 997 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстандық ипотекалық компания" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алуға 2 500 000 мың теңге көзделсін.

31-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте "Маңғышлақ атом энергиясы комбинаты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мүлік кешенін сатып алу нәтижесінде туындаған салықтық міндеттемелерін өтеу және оның негізгі қорларын нарықтық құн деңгейіне дейін қайта бағалау үшін "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" акционерлік қоғамының жарғылық капиталын ұлғайтуға 4 471 118 мың теңге, оның ішінде:

резидент заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы бойынша - 4 222 537 мың теңге;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, атқарылған жұмыстар мен көрсетілген қызметтерге салынатын қосылған құн салығы бойынша - 248 581 мың теңге көзделсін.

32-бап. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру мен сақтауға арналған шығындары құрамында, жаңалау тәртібімен шығарылған материалдық құндылықтарды өткізуден түскен сомаларды республикалық бюджеттің кірістерінде көрсете отырып, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын жаңалауға 2 265 691 мың теңге сомасында қаражат көзделгені ескерілсін. <*>

Ескерту. 32-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

33-бап. 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша таратылған заңды тұлғаларға Қазақстан Республикасы Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалардың тізбесі мен берешектер көлемдері бойынша, мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындауға бөлінген кредиттер мен қаражаттар жөніндегі талаптары тоқтатылатын болып белгіленсін.

34-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекет кепілдік берген қарыздарды өтеу және оларға қызмет көрсету үшін 6 550 604 мың теңге көзделсін.

Ескерту. 34-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

35-бап. 2005 жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктерін беру лимиті 19 500 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

36-бап. 2005 жылғы 31 желтоқсанға үкіметтік борыш лимиті 710 000 000 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 36-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

37-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетті дамытудың бюджеттік бағдарламаларының тізбесі бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыруға және 4-қосымшаға сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға немесе ұлғайтуға бағытталған бюджеттік бағдарламаларға бөліне отырып, бекітілсін.

38-бап. 2005 жылға арналған республикалық бюджетті атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын республикалық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 5-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2005 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде 6-қосымшаға сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайды деп белгіленсін.

39-бап. Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

" 2 0 0 5 ж ы л ғ а а р н а л ғ а н
р е с п у б л и к а л ы қ б ю д ж е т т у р а л ы "

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 3 - I I I Қ Р З З а ң ы н а

1-ҚОСЫМША

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - 2005.05.16. N 49 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2005 жылға арналған республикалық бюджет

Санаты	Атауы	Сомасы,
Сыныбы		мың теңге
	І ш к і	с ы н ы б ы

1	2	3
	I. Кірістер	1230826352
1	<i>Салықтық түсімдер</i>	1090664073
01	Табыс салығы	514856479
1	Корпорациялық табыс салығы	514856479
05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	511784834
1	<i>Қосылған құн салығы</i>	292831666
2	<i>Акциздер</i>	9260692
3	<i>Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер</i>	209156867
4	<i>Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар</i>	535609
06	Халықаралық сауда мен сыртқы операцияларға салынатын салықтар	58121025
1	<i>Кеден төлемдері</i>	49933038
2	<i>Халықаралық сауда мен операцияларға салынатын басқа да салықтар</i>	8187987
07	Басқа да салықтар	96513
1	<i>Басқа да салықтар</i>	96513
08	Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) құжаттар бергені үшін оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар алатын міндетті төлемдер	5805222
1	<i>Мемлекеттік баж</i>	5805222
2	<i>Салықтық емес түсімдер</i>	36624437
01	Мемлекет меншігінен түсетін түсімдер	28168438
1	<i>Мемлекет кәсіпорынның таза кірісі бөлігіндегі түсімдер</i>	628000
3	<i>Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер</i>	4775500
5	<i>Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер</i>	18795000
6	<i>Бюджет қаражатын банк шоттарына орналастырғаны үшін сыйақылар (мүдделер)</i>	801615
7	<i>Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер</i>	1549417

бойынша сыйақылар (мүдделер)

9	Мемлекеттік меншіктен түсетін өзге де кірістер	1618906
02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	3886828
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өткізуінен түсетін түсімдер	3886828
03	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	87536
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алу өткізуден түсетін ақша түсімдері	87536
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1773513
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	1773513
05	Гранттар	787172
2	Қаржылық көмек	787172
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1920950
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1920950
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	8529327
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	55222
1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	55222
02	Мемлекеттік материалдық резервтен тауар-	8474073

л а р с а т у

1	<i>Мемлекеттік материалдық резервтен тауарлар</i>	8474073
	с а т у	
03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	32
2	<i>Материалдық емес активтерді сату</i>	32
4	Ресми трансферттерден түсетін түсімдер	95008515
01	Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер	95008515
1	<i>Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен алынатын трансферттер</i>	95008515

Функционалдық топ		Сомасы,
Әкімші	Атауы	мың теңге
	Б а ғ д а р л а м а	

1	2	3
---	---	---

	II. Шығындар	1196359917
01	<i>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</i>	73193648
	к ө р с е т у	
101	<i>Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі</i>	1008706
001	Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ету	864543
002	Мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін болжамды-талдамалық қамтамасыз ету	70980
003	Мұрағат қорының, баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз ету және оларды арнайы пайдалану	73183
102	<i>Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы</i>	5832590
001	Қазақстан Республикасы Парламентінің қызметін қамтамасыз ету	5636279
002	Заң жобалары мониторингінің автоматтандырылған жүйесін құру	11436
003	Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасы объектілерін салу	184875

		және қайта жаңарту	
104	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің		1083463
		К е ң с е с і	
001	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің		1083463
		қызметін қамтамасыз ету	
106	Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталық		26368
001	Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің		26368
		қызметін қамтамасыз ету	
201	Қазақстан Республикасы Ішкі істер		11294
		м и н и с т р л і г і	
002	Елдің қоғамдық тәртіп саласындағы саяси		11294
		мүдделерін қамтамасыз ету	
204	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер		12724367
		м и н и с т р л і г і	
001	Сыртқы саяси қызметті қамтамасыз ету		8500548
002	Халықаралық ұйымдарға және басқа да		1553926
		халықаралық органдарға қатысу	
003	Мемлекеттік шекараны делимитациялау және		191891
		д е м а р к а ц и я л а у	
004	Қазақстан Республикасы Сыртқы істер		283000
		министрлігі объектілерін салу және қайта	
		ж а ң а р т у	
005	Шетелдік іссапарлар		695429
008	Шетелдегі дипломатиялық өкілдіктердің арнайы,		100965
		инженерлік-техникалық және нақты қорғалуын	
		қ а м т а м а с ы з е т у	
009	Қазақстан Республикасының дипломатиялық		1385438
		өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде	
		жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу	
		ж ә н е с а л у	
010	Қазақстан Республикасының шетелдік мемлекет-		13170
		терге заңсыз әкелінген және саудалаудың	
		құрбандары болған, сондай-ақ шет елдерде	
		басқа қылмыстардан зардап шеккен және	
		форс-мажорлық жағдайларда қалған азаматтарына	
		қ а р ж ы л ы қ к ө м е к к ө р с е т у	
217	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі		30229809
001	Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның		23513814
		атқарылуына бақылауды қамтамасыз ету	

002	Инвестициялық жобалардың аудитін жүзеге асыру	12100
003	Тарату және банкроттық рәсімдерді жүргізу	75204
004	Акциздік және есептеу-бақылау маркаларын	70559
	б а с ы п ш ы ғ а р у	
007	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі органдарының ақпараттық жүйелерін құру және	2486377
	д а м ы т у	
008	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар	355934
	п а р к і н ж а ң а р т у	
015	Сенімді тұлғалардың (агенттердің) қызметте-	3065
	р і н е а қ ы т ө л е у	
016	Жекешелендіру, мемлекеттік мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет, осымен және кредит беруге байланысты дауларды реттеу, кредиттер және мемлекеттік кепілдіктер бойынша міндеттемелерді орындау есебінен алынған немесе өндіріп алынған мүлікті есепке алу, сақтау	500000
017	"Министрліктер үйі" ғимаратын күтіп ұстау және	270968
	с а қ т а н д ы р у	
019	Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша	50997
	б а ғ а м д ы қ а й ы р м а н ы т ө л е у	
023	Акцияларының мемлекеттік пакеттері республика- лық меншіктегі акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталдарының ең төменгі мөлшерін	84725
	қ а м т а м а с ы з е т у	
024	Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша	25287
	с ы й л ы қ а қ ы л а р т ө л е у	
026	Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым	2732394
	о б ь е к т і л е р і н с а л у	
104	Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне	48385
	қ а р с ы к ү р е с	
220	Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі	868826
001	Стратегиялық, орта мерзімді экономикалық және бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның жұмысын қамтамасыз ету	525360
002	Мемлекеттік басқарудың ахуалдық жүйесін құру	25000
003	Қазақстан Республикасы Экономика және	32718

бюджеттік жоспарлау министрлігінің ақпараттық жүйелерін құру		
005	Жұмылдыру әзірлігі	19113
010	Қазақстан Республикасының егемен кредиттік рейтингін қайта қарау мәселелері бойынша халықаралық рейтинг агенттіктерімен өзара іс - қимыл жасау	23071
011	Әлеуметтік-экономикалық дамудың талдамалық зерттеулері	242064
013	Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуы стратегиясын іске асыру барысында сыртқы бағалау жүргізу	1500
225	<i>Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі</i>	<i>6663340</i>
002	Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер	6461352
005	Ғылыми объектілерді салу және қайта жаңарту	126638
007	Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар	75350
406	<i>Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті</i>	<i>205591</i>
001	Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету	195914
002	Қаржы бақылау объектілері бойынша деректердің ақпараттық базасын құру және дамыту	9677
603	<i>Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі</i>	<i>2590478</i>
001	Ақпараттандыру және байланыс саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	169536
003	Ақпараттандыру және байланыс саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	27720
005	Мемлекеттік деректер базаларын құру	463244
007	Мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін құру	401836
008	Мемлекеттік органдардың ақпараттық инфрақұрылымын құру	216800
010	Ведомствоаралық ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	250920
011	Мемлекеттік органдардың бірыңғай көліктік ортасын құру	1060422
606	<i>Қазақстан Республикасы Статистика</i>	<i>2870397</i>

а г е н т т і г і

001	Статистика саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	2213202
002	Республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ақпараттық-статистикалық деректер базасын құру	622141
003	Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйелерін құру	12000
004	Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер	23054
608	<i>Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі</i>	<i>578921</i>
001	Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	272200
002	Республиканың мемлекеттік қызмет кадрларын ақпараттандыру және тестілеу жүйесінің жұмыс істеуі	70560
003	Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет саласындағы қолданбалы ғылыми-зерттеулер	5000
006	Мемлекеттік қызметшілердің шетелдерде біліктілігін арттыру	231161
637	<i>Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесі</i>	<i>116488</i>
001	Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қызметін қамтамасыз ету	116488
690	<i>Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы</i>	<i>2260216</i>
001	Сайлау өткізуді ұйымдастыру	932168
002	"Сайлау" автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру	1328048
694	<i>Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы</i>	<i>6122794</i>
001	Мемлекет Басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету	5737825
009	Мемлекеттік органдар үшін автомашиналар паркін жаңарту	384969
02	Қорғаныс	74440562
202	<i>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі</i>	<i>14800856</i>

001	Төтенше жағдайлардың алдын алу, жою және мемлекеттік материалдық резерв жүйесін басқару саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету	2723132
